

Тасқала аудандық мәслихатының кейбір шешімдерін күші жойылды деп тану туралы

Батыс Қазақстан облысы Тасқала аудандық мәслихатының 2016 жылғы 11 қаңтардағы № 37-4 шешімі

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" және 1998 жылғы 24 наурыздағы "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңдарына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы шешімге қосымшаға сәйкес Тасқала аудандық мәслихатының кейбір шешімдері күші жойылды деп танылсын.

2. Аудандық мәслихат аппараты (Т. Ержігітова) осы шешімнің көшірмесін бір апта мерзімінде белгіленген тәртіпте Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментіне және жариялауға ұсынсын.

3. Осы шешім қол қойылған күннен қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрайымы

Аудандық мәслихат хатшысы

М. Нұрмұхамбетова

С. Рахимов

Тасқала аудандық мәслихаттың
2016 жылғы 11 қаңтардағы
№ 37-4 шешіміне
қосымша

Тасқала аудандық мәслихатының кейбір күші жойылған шешімдерінің тізілімі

1. Тасқала аудандық мәслихатының "2015-2017 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы" 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 29-2 шешімі (2015 жылғы 23 қаңтардағы № 4 аудандық "Екпін" газетінде алғаш жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3758 тіркелген);

2. Тасқала аудандық мәслихатының "Аудандық мәслихаттың 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 29-2 "2015-2017 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" 2015 жылғы 7 сәуірдегі № 31-1 шешімі (2015 жылғы 24 сәуірдегі № 17 аудандық "Екпін" газетінде алғаш жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3894 тіркелген);

3. Тасқала аудандық мәслихатының "Аудандық мәслихаттың 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 29-2 "2015-2017 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" 2015 жылғы 18 тамыздағы № 33-3 шешімі (2015

жылғы 11 қыркүйектегі № 37 аудандық "Екпін" газетінде алғаш жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4025 тіркелген);

4. Тасқала аудандық мәслихатының "Аудандық мәслихаттың 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 29-2 "2015-2017 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" 2015 жылғы 22 қыркүйектегі № 34-1 шешімі (2015 жылғы 16 қазандағы № 42 аудандық "Екпін" газетінде алғаш жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4092 тіркелген);

5. Тасқала аудандық мәслихатының "Аудандық мәслихаттың 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 29-2 "2015-2017 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" 2015 жылғы 24 қарашадағы № 35-1 шешімі (2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 50 аудандық "Екпін" газетінде алғаш жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4166 тіркелген);

6. Тасқала аудандық мәслихатының "Аудандық мәслихаттың 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 29-2 "2015-2017 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" 2015 жылғы 22 желтоқсандағы № 36-1 шешімі (2016 жылғы 7 қаңтардағы № 2 аудандық "Екпін" газетінде алғаш жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4206 тіркелген).